

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

ческих разработок. Результаты проведенного нами исследования могут быть использованы специалистами по организации социально-ориентированной создания психологически комфортных условий обучения молодых людей с ОПП в ВУЗах, преподавателями, социальными работниками, психологами. Результаты исследования могут служить основанием для необходимости создания социально-психологического подразделения ВУЗа, создания социально-психологического подразделения для студентов с ОВЗ, расширения нормативно-правовой базы сопровождения взрослых людей с особыми образовательными потребностями.

Список использованных источников

1. А.Г. Асмолов «Толерантность: различные парадигмы анализа» / М., 1998
2. Л.С. Братченко «Психологические основания исследования толерантности в образовании»
3. Г.У. Солдатова «Жить в мире с собой и с другими: Тренинг толерантности для подростков» / М., 2000

ӘОЖ 37.015.31

**ЫРЫМДАР, ТЫЙЫМ СӨЗДЕР, ҰҚСАСТЫҚТАРЫ
МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**

Нағашыбаева М.Е., 4 курс, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Нурмухаметова Қ.Т., қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Әр елдің өзгеге ұқсамайтын өзіне ғана тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, бітім-болмысы болады. Мақалада ырым мен тыйым сөздер – бір-бірімен сабақтас, өзектес болатындығы, бірақ ырымдарға қарағанда тыйым сөздердің айтылу мәнінде, қолданылу бағытында айырма бар екендігі туралы айтылады. Ырымдар көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылса, тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрықты мәнде жеткізілетіндігі көрсетілген.

Ырым мен тыйым сөздер – бір-бірімен сабақтас, өзектес болады. Халық ұғымындағы ырым ұрпаққа өнегесі, шапағаты тиетін, ізгі қасиеттер жұғысты болса екен деп қолданылатын ғұрыптың түрі. Ол, негізінде, жақсы ниет пен көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылады. Киелі, қасиетті ерекше бір рухтан сол арқылы медет тілейді. Ал кей әрекеттерден жамандық шақырады деп ырымдап, тыйым салады. Осы жерден біз осы екі ұғымның өзара байланысты қанаттас жүретінін аңғарамыз. Осы айтқанымыз сенімді болуы үшін мына мысалдарға назар аударыңыз: бүйірінді таянба; үйге, ауылға қарай жүгірме; тандайынды қақпа; тізенді құшақтама – бұлар тыйым сөздер де, ал жақсылыққа шақыратын, жақсыға жорылатын нәрсе ырым деп аталып, оған дүбірлі ас пен тойдан сарқыт алу, үйге оң аяқпен кіру, отқа май құю секілді жағымды әсер қалдыратын ұғымдар жатады. Жақсы тілек болашақтан күтер үкілі үмітпен ұштасып, сәттілік пен береке, ізгілік ұрпағыма болса екен деген қалау аңғарылады.

Тыйым сөздер жағымсыз, келеңсіз әрекетті тоқтатуға арналған. Жат пиғылдан, орынсыз қылықтан, теріс мінезден сақтандыруға бағыттала қолданылған. Адамдардың бойындағы

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

адамгершілік, имандылық қасиеттерінің өлшеміндей деңгейде пайдаланылған. Бұл тыйым сөздердің мән-мағынасының қаншалықты екенін аңғартса керек...

Ырымдарға қарағанда тыйым сөздердің айтылу мәнінде, қолданылу бағытында айырма бар. Ырымдар көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылғандықтан, ауқымды, кең ұғымда айтылып, үміт түрінде көрінсе, тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрықты мәнде жеткізіледі. Мысалы, *күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба*. Бұл сөздер жоғарыда айтқан ойымыздың толық дәлелі болады.

Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден басталып ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап, талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар.

Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таяумен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақы тәрбиенің күдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді.

Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді [1].

Біздіңше, адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгейі мен көлеңкесіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаны реттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Тыйым сөздер халықтың жылдап, ғасырлап жинаған тәжірибесінен пайда болған. «Тыйым сөздердің пайда болуының бірнеше негізі бар. Олар ескі мифологиялық наным-сенімдерден, практикалық тиімділіктен: денсаулыққа қатысты, адамаралық қатынасқа қатысты, ысырапсыз тиімді өмір сүруге қатысты туындаған» деген зерттеуші С. Ақаевтың пікірінің жаны бар [3].

Тыйым сөздердің мағынасына үңілсек, тәрбиенің әр саласын аңғаруға болады. Оларды шартты түрде былай бөлуге болады: біріншіден, адамның түрлі қарым-қатынасына байланысты пайда болған; екіншіден, табиғаттағы тылсым күштердің киесі ұру, аруақтың қаһарынан, пәле-жаладан қорғануға арналған. Біздің бұлай бөлуіміз қолданылу үстіндегі мазмұнын жіктеуден туған.

Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерде үлкен-кішінің арасындағы, әке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар. Олар: *нанды баспау, дастарханды аттамау, табалдырықты баспау, үлкенге дауыс көтермеу, ата-ананың назасына қалмау, ағайынға пышақ, қайрақ, балта, ит сыйламау, әйелдің мінетін атының құйрық-жалын күземеу, некелілердің төсегіне отырмау, таңын ашып жүрмеу, кіндігін көрсетпеу, неке қиылғаниша тазалық сақтау*, т.б.

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Енді екінші топқа жататындар: *отқа түкірме, үйді айналма, ауылға қарай шаппа, айды қолмен көрсетпе, айға, молага қарап зәр сындырма, жағыңды, бүйіріңді таянба*, т.б [1- 143 б.].

Бұл сөздер пәле-жаладан аулақ болу, табиғаттағы тылсым күштің құдіретінен, аруак пен тәңірдің киесінен сақтандыруға арналған нанымнан туғанын байқауға болады. Қандай топқа жататын сөз болса да, адами қасиеттерді қалыптастыруда қоршаған орта, жан-жануар мен табиғатты қорғау, имандылық, адамгершілік негізінде ұлттық мінез-құлық қалыптастыратыны даусыз.

Ырым және тыйым сөздердің мазмұнынан тәрбиенің бірнеше түрін көруге болады. Атап айтсақ, адамгершілік, әдептілік, имандылық, экологиялық, гигиеналық және тағы басқа түрлерге бөлуге болады.

Бағзыда адам әулетін бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдегі рухтар қоршап тұр деген наным-сенім болған. Олар әдетте ізгі және кесірлі рухтар. Адам осы рухтардың қатерінен қорғанып, сақтану немесе мейіріне ие болып, қолдауына жетуді көздеп әрекеттер жасаған. Өз іс-қимылдарын сол ие-киелерге үйлестіру, үндестіру мақсатында әртүрлі ырым-тыйымды ойлап тауып, тұрмыста қолдана бастаған.

Тыйым (табу) болатын белгілі бір қатерден адамды қорғандыру, сақтандыру, сол арқылы табиғат пен әлеуметтік күштердің ризашылығын алу үшін жасалды. Ырым мен тыйымның міндеті болашақты (істі) болжау, сәтті нәтижеге жету үшін алдын ала жоспар құру, белгілі бір қағида-ережеге бағынуды шарт етеді. Тыйым алғашқы қауым заманында магиялық түсінікпен тіндес басталғанымен уақыт өте келе қоғам дамыған тұста әлеуметтік заңи мәнге ие бола бастаған. Енді адамдар рухтарды емес, пәк-күнәһар, ақ-қара, обал-сауап категориясын алға тартқан. Тыйым – ол адам сөзсіз орындауға тиісті, талқылауға жатпайтын, қоғамда қатаң қалыптасқан, сірескен ережелердің жиынтығы. Оны адам бала кезден естіп, үйреніп-біліп, өле-өлгенше орындауға тиісті.

Ал ырым болса, жеке адамның немесе қауымның жору, болжау арқылы орындауға тиісті ережелері. Бұнда болашақты болжау, жору функциясы басым. Халықтың ұғымында ырым екі түрлі болады:

1. Жақсы ырым. Мысалы:

- а) аттың есінеуі;
- ә) баланың тоңқайып жол қарауы;
- б) сауысқанның шықылықтауы.

2. Жаман ырым. Мысалы:

- а) жақ таяну;
- ә) қолды артқа ұстау;
- б) тізе құшақтау.

Жалпы, ырымды табиғат пен әлеуметтік күштер тарапынан жеке адам бұлжытпай орындау үшін хабардар етіп, сездірілетін тұтқиыл сигналдар, рәміздік әрекеттер жүйесі деуге болады. Мысалы:

1. Жұлдыз ақса, оны көрген кісі «Менің жұлдызым жоғары» деп айту керек.
2. Бала сүт тісі түссе, оны майға орап «Жасық тісімді алып, өткір тісімді бер» деп итке беруі керек.
3. Үйдің іргесіне ит сарыса, құт құйылады.
4. Ерттеулі тұрған ат сілкінсе, жын-шайтанды үркітіп жатқаны.
5. Түнде жолында сиыр жатса, сапарың оң болмайды.
6. Оқпақ шақырса, бие құлын тастайды.
7. Алдыңнан түлкі қашса, сапарың сәтті болады.

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

8. Сол құлағың шыңылдаса, біреу сені жамандап жатыр.

Ырымның келесі бір түрлері – жеке адамның өзі істеуге тиісті емес деп саналғанымен қауым тарапынан ескертілмесе, яки талап етілмесе, орындалмай қалуы ықтимал, бір ұшы тыйыммен тығыз байланысып жатқан ырымдар. Бұның ырымға жататыны, жеке адам абайсызда «соны» істеп отырса, қауымның жөн-жосықты білетін кісісі, «оған» тыйым салып, себепін жолай түсіндіріп, кісіні сақтандырады. Мысалы: жақ таянба. Демек, ырымның бұл түрі «жеке адам» – «тыйым салынған әрекет» – «қауым мүшесінің жоруы» деген үштікке табан тірейді [2].

Тыйымды адам бұлжытпай орындауға тиісті болса, ырым (не жақсы, не жаман) жеке адам тарапынан (әрекет пен сөз арқылы) әбден көрініс тапқан соң, оны қауым мүшесі жору, ескерту, түсіндіру түрінде талқыға түсіретін құндылық болып саналады. Сонымен, ырым-тыйым жеке адам мен қауымның кез-келген мүшесінің арасында белсенді сұхбат, еріксіз пікір алмасуды тудырып, жедел реттелетін әлеуметтік-психологиялық категория.

Ырым-тыйымда заттар мен құбылыстар белгілі қауымның түсінігі тұрғысынан рәмізделеді де, дағдылы сөз тіркесі арқылы көрініс тауып, бағзы мифтік ұғым жаңаша пішінге түсіп жаңғыртылады. Ырымда шын мәнісінде болашақты болжау – басымдыққа ие. Ол күнделікті өмірде жиі ұшырайды, кездейсоқ сипатта және ауыз екі тілде жиі қолданылып, адамды адамдармен қызу қатынастыратын қабілетке ие.

Қайталап айтсақ, ырымның негізгі мәні – болашақты болжау, болуға ықтимал қатерден адамды алдын ала сақтандыру, бір сөзбен айтқанда, жаманшылықтан құтқару немесе орындалуға тиісті шарапатты көрегендікпен сездіріп, қуанышқа кенелдіру, сол қызметтері арқылы жеке адамның әлеуметтік-психологиялық ахуалын оңалдыру.

Сонымен, ырым-тыйымды қазақ фольклорында кездесетін ең қысқа әрі ең өміршен жанрдың бірі деп танимыз. Ол адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде тұтқиылдан көрініс тауып, қағылез бақылаушылар тарабынан жария етілетін, қоғамдық санада бағзыда қалыптасқан қасаң қағидалардың түйіні, түйіршігі деуге болады. Оның ғасырлар керуеніне өтіп, бүгінгі ұрпақтың зердесіне ұя салуы – қысқа да ұшқыр, ұтқыр да тұтқыр сипатында жатыр.

Ырым-тыйымдар кәрікұлақ естияр жандар тарапынан бақыланып, үнемі қадағаланып отыратын қасиетке ие. Ол әлеуметтік-қоғамдық реттілікті, тәртіпті қалыптастырушы, орнықтырушы бірегей жүйе. Бір сөзбен айтқанда, оны «заңға дейінгі заң» деп бағалауға болады.

Әрбір ырымның өзегінде бір замандарда қоғамда маңызды рөл атқарған әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің сарқыны, қуатты қайнар көзі жатыр.

Ырымның негізгі ерекшелігі – ол өте-мөте себеп-салдарлы. Оны мифке жақындатып тұрғаны дәл осы сипаты. Бір сөзбен айтқанда, бұнда қандай бір әрекетті «істесе не болады?» немесе «олай істеуге болмайды, оның себебі мынадай» деген этиологиялық түсінік орын алады.

Ақ сүт берер саған күш!

Шым-шым мөлдір суға түс,

Тұмау тисе, қуа түс!».

Мифтік танымда әлем қарама-қарсы екі жікке жарылып тұрады: жақсы-жаман, адал-арам, ыстық-суық, обал-сауап, шарапат-кесапат және т.б. Ал барлық ырым осы кереғар түсінікке табан тірейді.

Қорыта айтқанда, қазақ халқы ұрпағын жаман әдеттерден жирендіріп, жақсылыққа жетелеп, өсиет сөздерін күнделікті бойына ұялатып отырған. Қай заманда болмасын халық білім мен ғылымды жоғары бағалап, қадірлей білді. Жас ұрпақты әр рудың салт-сана, әдет-ғұрыптарымен таныстыру іс-тәжірибесі мол, көпті көрген ақсақалдарға тапсырып отырды. Олар өз ата-бабаларының, өз руларының жасаған ерліктерін, ру сабақтастығын жас ұрпаққа

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

баяндап отыратын болған. Олар жастарды өздері ұстанған діни әдет-ғұрыптарға да баулып отырған. Осылай қазақта арнаулы оқу орындары жоқ кезде де өмірге қажетті дағдыларды игерту арқылы өз ұрпағын тәрбиелеп келген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.Кенжеахметұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» / А., 1994
2. С.Ақаев «Табалдырықты баспаңыз», 2000
3. С.Ақаев «Қазақтың тыйым сөздері», 2001

УДК 659.4:502(574.21)

**РОЛЬ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В ФОРМИРОВАНИИ
ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ГОРОДА КОСТАНАЙ**

Зайков А.С., 4 курс, журналистика, институт экономики и права, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

Мустафина Б.С., старший преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

Данная статья посвящена применению PR-технологий для изменения экологического поведения жителей города Костанай. В работе изложен подробный план действий для акимата города Костанай по улучшению экологической обстановки в городе и созданию положительного настроения у населения для понимания ценности окружающей среды.

Проблема охраны окружающей среды, вопрос целесообразного использования ресурсов природы остаются насущными уже несколько десятков лет. И в последние годы становятся все более актуальными. Решение экологических проблем зависит не только от экологических организаций и правительств стран мира. Сегодня экологическое сознание населения так же играет одну из ключевых ролей в решении сложившейся экоситуации.

Мировой опыт показал: привлечение внимания населения к любой проблеме способно, во-первых, изменить установки в сознании людей, во-вторых, дать импульс к поиску и нахождению решений с нового ракурса. Этот же мировой опыт показывает, что первостепенное влияние на поведение людей оказывают профессионально выстроенные связи с общественностью.

Несмотря на высокий процент наносимого ущерба экологии от заводов, испытательных полигонов и прочих субъектов промышленности, при сильной гражданской позиции, высокой ответственности и активном участии жителей города в сохранении окружающей среды, на наш взгляд, ситуация пойдет на улучшение.

Вне зависимости от страны проживания, национальной принадлежности и религии, взгляды людей на принципы сохранения целостности окружающей среды разнятся. Экологическое сознание принимает разного рода определения, демонстрирующие неразрывность и борьбу противоположностей, где каждое утверждение может иметь право на существование. Возможность осознания целостности и единства природы и человека формирует определенное экологическое сознание.

С экологическими акциями, волонтерскими движениями в Казахстане, в целом, и в Костанайе, в частности, нет стагнации. Очень часто можно слышать в СМИ, среди людей о деятельности волонтеров, высадке деревьев, продвижении экологических акций, появлении